

2010 жылға жер салығының ставкаларын жоғарылату туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2010 жылғы 26 қаңтардағы N 221 шешімі. Қарағанды облысы Осакаров ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 03 ақпанда N 8-15-116 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты қолданылуы тоқтатылды (Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихаты аппаратының 2011 жылғы 20 сәуірдегі N 2-35/86 хатымен)

Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты қолданылуы тоқтатылды (Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихаты аппаратының 2011.04.20 N 2-35/86 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Кодексінің 383 бабына және 387 бабының 1 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Елді мекендерден тыс орналасқан өнеркәсіп жерлеріне салынатын салық ставкасы базалық ставкалардан 50 процент мөлшерінде жоғарлатылсын.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудандық мәслихаттың ауданның бюджеттік саясаты мен әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

хатшы С е с с и я т ө р а ғ а с ы ,
Қ. Саққұлақов